- 8.3. Кезекті жалпы жиналыс қажет болған кезде, жылына кем дегенде бір рет шақырылады. Серіктестіктің жыл сайынғы қаржылық есептілігін бекітуге арналған жалпы жиналыс сәйкесінше қаржы жылы аяқталғаннан кейін үш айдан кешіктірмей өткізілуі тиіс. Жыл сайынғы Жалпы жиналыста қарастырылатын мәселелер жыл сайынғы жылдық есептілікті бекіту, сыртқы аудиторды таңдау, табысты бөлу, капиталды арттыру, стратегия мен бизнес жоспарларға өзгертулер енгізу,

Серіктестікті қайта құру, атқарушы органды бекіту және тарату сынды мәселелерді қамтиды. Аталған жиналыстар Басқармамен шақырылады. Кезектен тыс Жалпы жиналыс осындай жиналысты шақыру Серіктестіктің мүддесі талап ететін жағдайларда шақырылады. Серіктестік қатысушыларының кезектен тыс Жалпы жиналысы Серіктестіктің атқарушы органымен өз бастамасы бойынша, Қадағалаушы кеңестің талап етуімен немесе жалпы дауыс санының оннан бірінен көбіне ие Серіктестік қатысушыларының бастамасымен шақырылады.

8.4. Серіктестіктің Жалпы жиналысын шақырған орган немесе тұлға (тұлғалар) Жалпы жиналысты ашқан күнге дейін 30 (отыз) күннен кешіктірмей оның өткізілетіндігі туралы Серіктестіктің әрбір қатысушысына Серіктестіктің Басқармасы жүргізетін қатысушылар тізілімінде көрсетілген мекенжай бойынша жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

Хабарламада келесі мәліметтер көрсетіледі:

- 1) Жалпы жиналыс өткізілетін күн, уақыт және жер;
  - 2) ұсынылатын күн тәртібі;
  - 3) қатысушылар Жалпы жиналысының түрі: кезекті немесе кезектен тыс;
  - 4) Жалпы жиналысты өткізу тәртібі;
  - 5) сырттай дауыс беруді өткізу тәртібі және сырттай дауыс беру процедурасы;
  - 6) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің нормалары, соларға сәйкес Жалпы жиналыс өткізіледі *(8.4-тармаққа Серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысының 2018 жылғы 12 ақпандағы хаттамасына сәйкес өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.)*
- 8.5. Серіктестіктің барлық қатысушылары Жалпы жиналысқа қатысуға, күн тәртібінің мәселелерін талқылауға қатысуға және шешім қабылдау кезінде дауыс беруге құқылы. Жалпы жиналыстағы кворумды жеке немесе өкілетті өкілдері арқылы қатысатын және Серіктестікке қатысу үлестерінің 50%-нан астамын ұсынатын қатысу үлестеріне ие қатысушылар құрастырады. Осы Жарғы ережелері мен Қазақстан Республикасы заңнамасын ескере отырып, білікті көпшілікті талап етпейтін мәселелер бойынша шешімдер Жалпы жиналыста қатысу үлестерін танытатын қарапайым көпшілікпен қабылдануы мүмкін.
- 8.6. Тиісті түрде шақырылып, өткізілетін Жалпы жиналыста кворум болмаған жағдайда, Жалпы жиналыс дәл сол уақытта және дәл сол жерде 10 (күннен) бұрын емес, бірақ Басқарма анықтағаннан кейін 45 (қырық бес) күн кешіктірмей өткізу үшін кейінге қалдырылады. Қайта шақырылған Жалпы жиналыс осындай Жалпы жиналысқа жеке немесе өкілдер көмегімен қатысатын қатысушылар санына қарамастан, өкілетті деп жарияланады. Егер осындай Жалпы жиналысқа жеке немесе өкілдері арқылы қатысатын қатысушылар жиынтықта дауыстардың жалпы санының жартысынан аз болса, Жалпы жиналыстың дауыстардың білікті көпшілігін және бірауыздан дауыс беруді талап етпейтін мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқығы болады.
- 8.7. Серіктестіктің қатысушысы жалпы жиналысқа өзі немесе өкілі арқылы қатыса алады. Серіктестіктің қатысушысы – жеке тұлғаның өкілі ретінде сенімхаттың негізінде басқа тұлғалар әрекет етуге құқылы. Серіктестіктің қатысушысы – заңды тұлғаның өкілі ретінде сенімхатсыз оның басшысы немесе сенімхаттың негізінде басқа өкілі қатысуға құқылы.
- 8.8. Серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысын өткізу тәртібі мен регламенті заңнамаға, осы Жарғыға, ережелерге, Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін басқа құжаттарға сәйкес анықталады.

8.9. Жалпы жиналыстың ерекше құзыретіне жатады:

- 1) Серіктестік Жарғысын өзгерту, соның ішінде жарғылық капиталының мөлшерін, орналасқан жерін, фирмалық атауын өзгерту немесе Серіктестік Жарғысын жаңа редакцияда бекіту;
- 2) Қадағалаушы кеңес ұсынған үміткерлерден Серіктестіктің атқарушы органын құру, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 3) Серіктестікті немесе оның мүлкін сенімді басқаруға беру туралы шешім қабылдау, осындай тапсыру талаптарын анықтау;
- 4) Серіктестіктің Қадағалаушы кеңесін сайлау, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ есептері мен қорытындыларын бекіту;
- 5) Серіктестіктің Қадағалаушы кеңесінің сандық құрамын арттыру немесе азайту туралы шешім;
- 6) жылдық қаржылық есептілікті бекіту және таза кірісті бөлу;
- 7) Жарғыны, ішкі ережелерді, іскери әдеп кодексін, Серіктестік органдарының қызметін реттейтін регламенттерді (оларға енгізілген өзгерістерді және/немесе толықтыруларды) бекіту;
- 8) Серіктестіктің басқа шаруашылық серіктестіктерге, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы немесе Серіктестіктің қатысу үлестерін (акцияларын, жарналарын) меншіктен шығару туралы шешім;
- 9) Серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату, сондай-ақ таратуға әкелуі мүмкін кез келген әрекет (оның ішінде кез келген қосылу мен біріктіруді, сондай-ақ сатуды, жалға беруді, өзге табыстауды, ерекше құқықтарды табыстау және Серіктестік активтерінің барлығын немесе үлкен бөлігін меншіктен шығару), немесе Серіктестіктің (оның органдарының) жоғарыда аталғанның кез келгеніне келісуі туралы шешім;
- 10) тарату комиссиясын тағайындау, тарату теңгерімдерін бекіту;
- 11) «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі Заңының (ЖШС туралы Заң) 34-бабына сәйкес Серіктестік қатысушысынан үлесті еркінен тыс сатып алу туралы шешім;
- 12) Серіктестіктің жалға берілген (лизинг) жабдығы мен кредиттік желілерін қоспағанда, осындай шешімді қабылдау сәтінде кепілге қою немесе қарыз міндеттемелері бойынша өзге қамтамасыз ету ретінде Серіктестіктің барлық активінің 25%-дан астамын беру туралы шешім;
- 13) «ЖШС» туралы заңның 39-бабына сәйкес Серіктестіктің мүлкіне қосымша жарналар енгізу туралы шешім;
- 14) Серіктестіктің қатысушылары мен үлес иеленушілерге Серіктестіктің қызметі туралы ақпараттың берілу тәртібі мен мерзімін бекіту;
- 15) Серіктестіктің Қадағалаушы кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу талаптары мен мөлшерін бекіту;
- 16) Серіктестіктің аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау және тағайындау.
- 17) Серіктестік қызметінің негізгі бағытын өзгертуі мүмкін кез келген жаңа жобаларды бекіту;

- 18) Серіктестіктің өтемақы мен шығындарды өтеуге қатысты саясатын бекіту.
- 8.10. Жалпы жиналыста дауыс берген кезде әрбір қатысушы Серіктестіктің жарғылық капиталындағы үлесіне сәйкес келетін дауыс санына ие. Осы Жарғының 8.9 тармағы 11) тармақшасы бойынша шешім қабылдау кезінде үлесі мәжбүрлі түрде сатып алынатын қатысушы дауыс беруге қатыспайды және оған тиесілі дауыстар саны есептеуде ескерілмейді.
- 8.11. Жалпы жиналыстың төрағасы мен хатшысын сайлау мәселесі бойынша дауыс беру кезінде жиналыстың әрбір қатысушысы бір дауысқа ие болады (жарғылық капиталдағы үлесіне қарамастан), ал шешім қатысып отырғандардың жай көпшілік дауысымен қабылданады.
- 8.12. Жалпы жиналыстың ерекше құзыретіне жататын келесі мәселелер бойынша шешімдер Серіктестік қатысушыларының Жалпы жиналысына қатысып отырған және танытылған дауыстардың 80%-дағы білікті көпшілігімен қабылданады:
- 1) Серіктестіктің жарғысын өзгерту, соның ішінде жарғылық капиталының мөлшерін, орналасқан жерін, фирмалық атауын өзгерту немесе Серіктестіктің жарғысын жаңа редакцияда бекіту;
  - 2) Қадағалаушы кеңес ұсынған үміткерлерден Серіктестіктің атқарушы органын құру, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
  - 3) Серіктестікті немесе оның мүлкін сенімді басқаруға беру туралы шешім қабылдау, осындай тапсыру талаптарын анықтау;
  - 4) Серіктестіктің Қадағалаушы кеңесінің сандық құрамын арттыру немесе азайту туралы шешім;
  - 5) жылдық қаржылық есептілікті бекіту және таза кірісті бөлу;
  - 6) Серіктестіктің басқа шаруашылық серіктестіктерге, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы немесе Серіктестіктің қатысу үлестерін (акцияларын, жарналарын) меншіктен шығару туралы шешім;
  - 7) Серіктестікті қайта құрылымдау немесе тарату, сондай-ақ таратуға әкелуі мүмкін кез келген әрекет (оның ішінде кез келген қосылу мен біріктіруді, сондай-ақ сатуды, жалға беруді, өзге табыстауды, ерекше құқықтарды табыстау және Серіктестік активтерінің барлығын немесе үлкен бөлігін меншіктен шығару), немесе Серіктестіктің (оның органдарының) жоғарыда аталғанның кез келгеніне келісу туралы шешім;
  - 8) ЖШС туралы заңның 34-бабына сәйкес Серіктестік қатысушысының үлесін еркінен тыс сатып алу туралы шешім;
  - 9) Серіктестіктің жалға берілген (лизинг) жабдығы мен кредиттік желілерін қоспағанда, осындай шешімді қабылдау сәтінде кепілге қою немесе қарыз міндеттемелері бойынша өзге қамтамасыз ету ретінде Серіктестіктің барлық активінің 25%-нан астамын беру туралы шешім;
  - 10) Серіктестіктің аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау.
  - 11) Серіктестік қызметінің негізгі бағытын өзгертуі мүмкін кез келген жаңа жобаларды бекіту; және
  - 12) Серіктестіктің өтемақы мен шығындарды өтеуге қатысты саясатын бекіту.
- 8.13. Қалған шешімдер Серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысына қатысып отырғандар мен өкіл болып отырғандардың жай көпшілік дауысымен қабылданады.

- 8.14. Жалпы жиналыс ерекше құзыретіне жатпайтын өкілеттіктерін Қадағалаушы кеңеске және/немесе Серіктестіктің Басқармасына беруге құқылы.
- 8.15. Жалпы жиналыс Серіктестіктің қызметімен байланысты кез келген мәселені қарастыруға құқылы.
- 8.16. Жалпы жиналыс Серіктестіктің ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Серіктестіктің басқа органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.
- 8.17. Жалпы дауыс санының төрттен үшінің көбісіне ие Серіктестік қатысушыларының тікелей келісімімен жалпы жиналыс хаттар, факсимильді немесе электронды хабарлармен алмасу жолымен сырттай сұрау арқылы немесе берілетін және қабылданатын хабарлардың түпнұсқалығын қамтамасыз ететін, барлық қатысушылар үшін қол жетімді басқа байланыс құралдарын қолдану арқылы өткізілуі мүмкін.
- 8.18. Сырттай жалпы жиналыс осы жарғының 8.9 тармағының 1),9)-12) тармақшаларында аталған мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқықсыз.
- 8.19. Жалпы жиналыстың циркуляр немесе жазбаша келісім арқылы қабылдаған ешбір шешімі, толық мәлімет беру үшін талап етілетін ақпаратпен, осындай шешімге қатысты дұрыс қорытындылармен, және осындай шешімді растау үшін талап етілетін тиісті құжаттармен бірге жобалық нұсқада, олар болған жағдайда, барлық қатысушылармен олардың әдеттегі мекенжайларына жіберілмесе ғана, және осы Жарғыға сәйкес шешімді қабылдау үшін талап етілетінге байланысты, Серіктестікке қатысудың барлық үлесіне немесе дауыстардың айқын көпшілігіне ие осындай қатысушылармен жазбаша түрде бекітілмесе, қабылданды деп есептелмейді.

#### **9-бап. ҚАДАҒАЛАУШЫ КЕҢЕС**

- 9.1. Қадағалаушы кеңес Серіктестік Басқармасының қызметіне бақылау жасайтын орган болып табылады.
- 9.2. Қадағалаушы кеңестің мүшелері шектелмеген түрде бірнеше рет қайта (келешекте) сайлану құқығымен екі жыл мерзімге Жалпы жиналыспен сайланады. Қадағалаушы кеңестің құрамы кем дегенде екі адамнан ең көп дегенде жеті адамнан тұрады.
- 9.3. Қадағалаушы кеңес мынадай комитеттерді қамтиды, комитеттердің мүшелері Қадағалаушы кеңестің мүшелері болып табылады: 1) аудит жөніндегі комитет; (2) тәуекелдерді басқару жөніндегі комитет; (3) сыйақыларды төлеу және кадрлық мәселелер жөніндегі комитет; және (4) стратегия жөніндегі комитет. Стратегия жөніндегі комитет Қадағалаушы кеңесті 7 (жеті) адамға дейін кеңейткеннен кейін құрылады. Қадағалаушы кеңес Қадағалаушы кеңес мүшелерін олардың біліктіліктері мен дағдыларына сәйкес тиісті комитеттерге бөледі.
- 9.4. Қадағалаушы кеңес мүшелері Жалпы жиналыспен келесі түрде ұсынылатын үміткерлерден сайланады:
  - (a) Қадағалаушы кеңестің бір (1) мүшесі қатысушылармен – Triodos тобының мүшелерімен ұсынылады;
  - (b) Қадағалаушы кеңестің бір (1) мүшесі қатысушылармен – responsAbility тобының мүшелерімен ұсынылады;
  - (c) Қадағалаушы кеңестің екі (2) мүшесі KMF-Демеумен ұсынылады;
  - (d) Қадағалаушы кеңестің бір тәуелсіз мүшесі Қадағалаушы кеңеспен келіскеннен кейін Қатысушылардың Жалпы жиналысымен бекітіледі.



Әрбір Тарап Қадағалаушы кеңестің тәуелсіз мүшесі лауазымына өз кандидатын ұсына алады.

- 9.5. Қадағалаушы кеңестің Төрағасы Қадағалаушы кеңес мүшелерінің жалпы санының жай көпшілік дауысымен оның мүшелерінің арасынан құпия дауыс беру арқылы сайланады.
- 9.6. Қадағалаушы кеңес Төрағасы Қадағалаушы кеңес құрамы сайланған Серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысынан кейін Қадағалаушы кеңестің бірінші отырысында сайланады.
- 9.7. Қадағалаушы кеңес кез келген уақытта Қадағалаушы кеңес Төрағасын қайта сайлауға құқылы.
- 9.8. Қадағалаушы кеңес Төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Қадағалаушы кеңестің шешімі бойынша Қадағалаушы кеңес мүшелерінің бірі атқарады.
- 9.9. Серіктестіктің қатысушылары болып табылмайтын тұлғалар Қадағалаушы кеңес мүшелері бола алады. Серіктестіктің атқарушы органының мүшелері және Серіктестіктің қызметкерлері Қадағалаушы кеңес құрамына кіре алмайды.
- 9.10. Қадағалаушы кеңес мүшелігіне үміткерлерге қойылатын талаптар келесілерді қамтиды, бірақ бұлармен шектелмейді:
  - 1) Қадағалаушы кеңес құзыретіне жататын шешімдерді қабылдау үшін қажетті білімінің, біліктілігінің, дағдыларының, жұмыс тәжірибесінің болуы;
  - 2) Қадағалаушы кеңесте және комитеттерде өз міндеттерін тиімді әрі тиісті түрде орындау үшін жеткілікті уақытының болуы;
  - 3) Қадағалаушы кеңес мүшесі Серіктестіктің мүддесіне жауап береді деп есептеген жағдайда, өзінің жеке пікірін білдіре білу және оны қорғау;
  - 4) Серіктестік қызметінің ерекшелігін білу;
  - 5) Тәуелсіздік талаптарына сәйкес болу (Қадағалаушы кеңестің тәуелсіз мүшелеріне қатысты).
- 9.11. Қадағалаушы кеңес мүшесінің өкілеттіктерін басқа тұлғаға, оның ішінде сенімхат бойынша тапсыруға немесе беруге жол берілмейді.
- 9.12. Жалпы жиналыс қызметке бекіткен күн Қадағалаушы кеңес мүшесінің (-лерінің) өкілеттіктер мерзімі басталған күн болып табылады. Қадағалаушы кеңес мүшесінің (-лерінің) өкілеттіктері белгіленген мерзім аяқталғанда, сондай-ақ Жалпы жиналыс Қадағалаушы кеңес мүшесінің (-лерінің) өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен бастап тоқтайды.
- 9.13. Келесі жағдайларда Қадағалаушы кеңес мүшесінің (-лерінің) өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтайды:
  - 1) лауазымдық міндеттерін тиісті түрде орындамаса, соның ішінде себепсіз Қадағалаушы кеңестің отырысына қатарынан үш реттен артық қатыспаса;
  - 2) Серіктестік Қадағалаушы кеңес мүшесінің өз өкілеттіктерін орындай алмайтындығын растайтын құжаттарды алғанда;
  - 3) Қадағалаушы кеңес мүшесінен өз өкілеттіктерінен ерікті бас тартуы туралы жазбаша хабарлама алса;
  - 4) Серіктестік Жарғысының талаптарын, Қадағалаушы кеңес, Қатысушылар жалпы жиналысының шешімдерін, Серіктестіктің басқа ішкі құжаттарының талаптарын орындамағанда;

- 5) Қадағалаушы кеңес мүшесінің Серіктестікке зиян келтіру фактісін растайтын сот шешімі заңды күшіне енгенде;
  - 6) Заңнамамен, осы Жарғымен, Серіктестіктің басқа да ішкі құжаттарымен қарастырылған басқа да жағдайларда.
- 9.14. Қадағалаушы кеңес мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтаған жағдайда Қадағалаушы кеңестің қалған мүшелерінің өкілеттіктері тоқтамайды.
  - 9.15. Қадағалаушы кеңес мүшесі өкілеттіктерін ерікті түрде тоқтататындығы туралы жазбаша хабарлама берген жағдайда Қадағалаушы кеңес аталған хабарламаны алған кезден бастап оның өкілеттіктері тоқтайды.
  - 9.16. Қадағалаушы кеңес мүшелерінің өкілеттіктері Қадағалаушы кеңестің барлық немесе жекелеген мүшелеріне қатысты Жалпы жиналыстың шешімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтайды.
  - 9.17. Серіктестіктің Қадағалаушы кеңес мүшелерінің саны Серіктестіктің жалпы жиналысы сайлаған санының жартысынан аз болса, Қадағалаушы кеңестің қалған мүшелері шұғыл түрде Қадағалаушы кеңестің жаңа мүшелерін сайлау үшін Қатысушылардың кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдауға міндетті.
  - 9.18. Қадағалаушы кеңес отырысын өткізу үшін кворум Қадағалаушы кеңес мүшелерінің санының кем дегенде жартысының құрамында деп анықталады.
  - 9.19. Серіктестіктің Қадағалаушы кеңесінің құзыретіне келесі мәселелер жатады:
    - 1) Серіктестіктің атқарушы органының қызметіне бақылау жасау;
    - 2) Қадағалаушы кеңестің тұрақты және/немесе уақытша комитеттерін құру;
    - 3) Серіктестік дамуының жылдық және ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарлары мен дамуының артықшылықты бағыттарын және Серіктестік қызметінің олармен байланысты негізгі мәселелерін анықтау және бекіту, соның ішінде жыл сайынғы бизнес-жоспарды және/немесе бюджетті бекіту, оларға өзгерістер енгізу;
    - 4) Серіктестік қатысушылары құқықтарының іске асырылуын қамтамасыз ету және мейлінше қорғау;
    - 5) Ақпаратты ашу саясатын анықтау және аталған саясаттың сақталуына мониторинг жүргізу;
    - 6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Серіктестіктің ішкі құжаттарымен қарастырылған тәртіпте Қатысушылардың кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
    - 7) қатысушылардың Жалпы жиналысы бекіткенге дейін Серіктестіктің жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
    - 8) Қазақстан Республикасының резидент және резидент емес тұлғаларынан қарыздар тарту, сондай-ақ уақытша еркін активтерді мемлекеттік бағалы қағаздарға, корпоративтік бағалы қағаздарға, екінші деңгейлі банктерде депозиттерге және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа әдістермен жылдық бизнес жоспарға енгізілмегеніне қарамастан, бір немесе бір-бірімен байланысты мәмілелер сериясында Серіктестік активтерінің таза құнының 10%-нан асатын сомаға орналастыру бойынша шешім қабылдау;
    - 9) Басқарма төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық жалақы мөлшерлерін, еңбекақы, сыйақы төлеу талаптарын анықтау;

- 10) Ішкі аудит басқармасының сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін анықтау, басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит басқармасының жұмыс тәртібін, жұмыскерлеріне төленетін сыйақы мен жалақы мөлшері мен талаптарын анықтау, оның қызмет аясына жататын мәселелер бойынша Ішкі аудит басқармасының есептерін тындау; *(10 тармақшаға Серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысының 2018 жылғы 26 қарашадағы хаттамасына сәйкес өзгертулер енгізілді.)*
- 11) Серіктестіктің ішкі бақылау жүйесінің саясатын бекіту, аталған саясаттың сақталуына мониторинг жүргізу;
- 12) Тәуекелдерді тиімді басқару жүйесінің құрылуына және қызметіне бақылау жасау;
- 13) Серіктестікте корпоративті басқарудың жоғарғы стандарттарының қолданылуын қамтамасыз ету;
- 14) Корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттіктер мерзімін анықтау, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Корпоративтік хатшыға төленетін лауазымдық жалақы мөлшерін, Корпоративтік хатшыға төленетін сыйақы талаптарын анықтау;
- 15) Аудиторлық ұйымның, сондай-ақ жарғылық капиталға заттай немесе мүлктік құқықтар түрінде енгізілген салымның нарықтық құнын бағалайтын бағалаушының қызмет төлемінің мөлшерін анықтау;
- 16) Акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) жиырма бес және одан көп пайызы Серіктестікке тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешім қабылдау;
- 17) Серіктестіктің бұрынғы тіркеушісімен шарт бұзылған жағдайда Серіктестік тіркеушісін сайлау;
- 18) Жылдық бизнес-жоспарда жеке жолмен бекітілген қаржы міндеттемелері немесе шығындары үшін қосымша мақұлдау қажет етілмейтін жағдайда, бір немесе байланысты мәмілелер сериясындағы, олардың жылдық бизнес жоспарға қосылуынан тәуелсіз, Серіктестік активтерінің таза табысынан 10%-ға асатын сомаға кез келген қаржы міндеттемелерін немесе шығындарды бекіту;
- 19) Қарыз беру, төлемді жүзеге асыру немесе Серіктестіктің кез келген қатысушыларын, қызметкерлерін немесе директорларын қосқанда 9.20 тармақшасында көрсетілген мүдделі тұлғалармен кез келген мәмілені, егер осындай мәмілелер қызметті әдеттегі жүргізу барысында жүзеге асырылмаса, немесе осындай қолданылатын саясаттарда, не Серіктестік қызметкерлерінің мәмілелер Қадағалаушы кеңес мақұлданған қатысу жоспарының талаптарына сәйкес қарастырылса, жүзеге асыруды мақұлдау туралы шешімдер қабылдау;
- 20) Басқарма Төрағалығына үміткерді тағайындау немесе қызметтен босату және Басқарма құрылымын, не сандық құрамын оларды Жалпы жиналыс бекіткенге дейін өзгерту туралы ұсыныстар;
- 21) Серіктестіктің таза табысын бөлу туралы мәселелерді алдын ала бекіту, соның ішінде оның көлемі мен Қатысушыларға төлеу мерзімдерін анықтау, сондай-ақ Жалпы жиналыс бекіткенге дейін Серіктестіктің қатысушылардың қатысу үлестерін толық немесе ішінара сатып алу мәселелерін алдын ала бекіту;

- 22) Серіктестіктің жарғылық капиталын арттыру және Жалпы жиналыс бекіткенге дейін қатысушылардың қатысу үлестерінің көлемін қайта есептеу туралы шешімді алдын ала бекіту;
- 23) Жалпы жиналыс бекіткенге дейін Серіктестік Жарғысына өзгертулер енгізу немесе Серіктестікті қайта құру (д.а.қосу, біріктіру немесе өзге жолмен қайта құру) туралы шешімдерді алдын ала бекіту;
- 24) Қадағалаушы кеңес өкілеттіктерін кез келген табыстау туралы шешім қабылдау;
- 25) Серіктестіктің таза активтерінің 25% (жиырма бес пайызынан) асатын көлемде Серіктестік мүлкін немесе активтерін сатып алу, жалға беру, сату, тапсыру немесе өзге жолмен меншіктен шығару туралы шешім қабылдау;
- 26) Жалпы жиналыста ұсыну үшін басқа компанияға, кәсіпорынға, және/немесе өзге басқа заңды тұлғаға немесе басқа заңды құрылымға қатысу үлестерін немесе акцияларын сатып алу туралы алдын ала шешімдерді қабылдау;
- 27) Жарғының 8.9 тармағының 7) тармақшасында көрсетілген ішкі нормативтік құжаттарды Жалпы жиналыс бекіткенге дейін алдын ала бекіту;
- 28) Қадағалаушы кеңестің комитеттеріне қатысты саясаттарды, стратегияларды, бизнес-жоспарды, ережелерді, сонымен қатар Ішкі аудит басқармасының қызметін реттейтін ережелерді және/немесе нұсқаулықтарды (оларға енгізілген өзгертулерді және/немесе толықтыруларды) бекіту; (28) тармақшаға Серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысының 2018 жылғы 26 қарашадағы хаттамасына сәйкес өзгертулер енгізілді).
- 29) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен, Жарғымен, Серіктестіктің ішкі құжаттарымен немесе Жалпы жиналыстың шешімімен қарастырылған басқа мәселелер.
- 9.20. Келесідей болса, Серіктестіктің үлестес тұлғалары Серіктестікпен мәміле жасауға мүдделі тұлғалар (мүдделі тұлғалар) деп танылады:
- 1) мәміле тарапы болып табылатын немесе өкіл немесе делдал ретінде қатысатын;
  - 2) мәміле тарапы болып табылатын немесе өкіл немесе делдал ретінде қатысатын заңды тұлғаның үлестес тұлғалары болып табылады.
- 9.21. Қадағалаушы кеңесте дауыс бергенде әрбір мүше бір дауысқа ие болады. Шешімдерді қабылдау айқын көпшілікті талап ететін 9.22.тармақта көрсетілген мәселелерді қоспағанда, шешімдер Қадағалаушы кеңестің отырысқа қатысып отырған мүшелерінің жай көпшілік дауыстарымен қабылданады.
- 9.22. Келесі мәселелер бойынша шешімдер Қадағалаушы кеңес отырысына қатысып отырған Қадағалаушы кеңес мүшелерінің 80%-н (сексен пайызын) құрайтын айқын көпшілігімен қабылданады:
- 1) Серіктестік дамуының жылдық және ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарлары мен дамуының артықшылықты бағыттарын және Серіктестік қызметінің олармен байланысты негізгі мәселелерін анықтау және бекіту, соның ішінде жыл сайынғы бизнес-жоспарды және/немесе бюджетті бекіту, оларға өзгерістер енгізуді;
  - 2) Жылдық бизнес-жоспарда жеке жолмен бекітілген қаржы міндеттемелері немесе шығындары үшін қосымша мақұлдау қажет етілмейді деген жағдайда, бір немесе байланысты мәмілелер сериясындағы, олардың жылдық бизнес жоспарға қосылуынан тәуелсіз, Серіктестік активтерінің таза табысынан 10%-ға асатын сомаға кез келген қаржы міндеттемелерін немесе шығындарды бекіту;

- 3) Басқарма Төрағасы кандидатурасын тағайындау немесе қызметтен босату және Жалпы жиналыс бекіткенге дейін Басқарма құрылымын немесе сандық құрамын өзгерту туралы ұсыныстар;
  - 4) Серіктестіктің таза табысын бөлу туралы мәселелерді алдын ала бекіту, соның ішінде оның көлемі мен Қатысушыларға төлеу мерзімдерін анықтау, сондай-ақ Жалпы жиналыс бекіткенге дейін Серіктестіктің қатысушылардың қатысу үлестерін толық немесе ішінара сатып алу мәселелерін алдын ала бекіту;
  - 5) Жалпы жиналыс бекіткенге дейін Серіктестіктің жарғылық капиталын арттыру және қатысушылардың қатысу үлестерінің көлемін қайта есептеу туралы шешімді алдын ала бекіту;
  - 6) Жалпы жиналыс бекіткенге дейін Серіктестіктің Жарғысына өзгертулер енгізу немесе Серіктестікті қайта құру (яғни қосу, біріктіру немесе өзге жолмен қайта құру) туралы шешімдерді алдын ала бекіту;
  - 7) Қадағалаушы кеңес өкілеттіктерін кез келген табыстау туралы шешім қабылдау;
  - 8) Серіктестіктердің таза активтерінің 25% (жиырма бес пайызынан) асатын көлемде Серіктестік мүлкін немесе активтерін сатып алу, жалға беру, сату, тапсыру немесе өзге жолмен меншіктен шығару туралы шешім қабылдау;
  - 9) Қарыз беру, төлемді жүзеге асыру немесе Серіктестіктің кез келген қатысушыларын, қызметкерлерін немесе директорларын қосқанда мүдделі тұлғалармен кез келген мәмілені, егер осындай мәмілелер қызметті әдеттегі жүргізу барысында жүзеге асырылмаса, немесе осындай қолданылатын саясаттарда, не Серіктестік қызметкерлерінің мәмілелері Қадағалаушы кеңес мақұлданған қатысу жоспарының талаптарына сәйкес қарастырылса, жүзеге асыруды мақұлдау туралы шешімдер қабылдау; және
  - 10) Жалпы жиналыста ұсыну үшін басқа компанияға, кәсіпорынға, және/немесе өзге заңды тұлғаға немесе басқа заңды құрылымға қатысу үлестерін немесе акцияларын сатып алу туралы алдын ала шешімдерді қабылдау.
- 9.23. Қадағалаушы кеңес Серіктестіктің жарғысына сәйкес Басқарманың құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ Серіктестіктің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдерді қабылдауға құқықсыз.
  - 9.24. Қадағалаушы кеңестің отырыстары, оны өткізу кезінде отырыстың әрбір қатысушысына ұсынылған тұрақты қосу болған жағдайда байланыстың электрондық құралдарын пайдалану көмегімен (телефон немесе бейне конференциясы арқылы) жүргізілуі мүмкін, бірақ Қадағалаушы кеңестің кем дегенде 3 (үш) отырысы әрбір күнтізбелік жыл ішінде көзбе-көз өткізілуі тиіс. Қадағалаушы кеңестің отырыстары Қазақстан Республикасынан тыс жерде өткізілуі мүмкін.
  - 9.25. Қадағалаушы кеңес мүшелерінің Қадағалаушы кеңес отырысына қатысу үшін көтерген шығындары, негізделген іссапар шығындары, орналастыруға және өзге қосымша шығындары және Қадағалаушы кеңес мүшесіне оның қызметі үшін төленетін сыйақы Жалпы жиналыспен бекітілетін сыйақы және өтемақы төлеу саясатына сәйкес Серіктестікпен төленеді немесе өтеледі.
  - 9.26. Қадағалаушы кеңес мүшелері олардың кез келген мүдделер жанжалының пайда болуы туралы дереу Қадағалаушы кеңесті ақпараттандырып, мүдделер жанжалы туралы мәселе шешілгенге дейін дауыс беруден қалыс қалуға міндетті. Қадағалаушы кеңес мүдделер жанжалын шешуге қатысты саясатты әзірлеп, қабылдауы тиіс.

- 9.27. Егер Қадағалаушы кеңес Серіктестіктің бизнес-жоспарын немесе бюджетін (күрделі шығындарды қоспағанда) бекіту және (немесе) қабылдау мәселесі бойынша шешім қабылдаса, осы мәселе күн тәртібіне қосылған отырыста шешім қабылданбаса немесе Қадағалаушы кеңес мүшелері айқын көпшілікті талап ететін мәселе бойынша келісімге келе алмаса, мәселе Жалпы жиналыс қарауына ұсынылады.
- 9.28. Әрбір күнтізбелік жыл ішінде Қадағалаушы кеңес кем дегенде 4 (төрт) отырыс өткізуі тиіс, отырыстардың өткізілетін күні әрбір күнтізбелік жыл басталғаннан кейін 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Қадағалаушы кеңеспен келісілуі қажет. Қадағалаушы кеңес мүшелеріне осындай жиналысқа дейін 15 (он бес) күннен кешіктірілмей жазбаша хабарлама беріледі. Кез келген осындай Қадағалаушы кеңес туралы хабарлама электрондық поштаға жіберілуі мүмкін. Жалпы жиналыс алдындағы Қадағалаушы кеңес отырысы осындай Жалпы жиналысқа дейін кем дегенде 2 (екі) апта бұрын өткізілуі тиіс.
- 9.29. Қадағалаушы кеңестің қызмет тәртібі осы Жарғымен және Серіктестіктің ішкі құжаттарымен реттеледі.

### 10-бап. БАСҚАРМА

- 10.1. Басқарма Серіктестіктің алқалы атқарушы органы болып табылады және Басқарма Төрағасының басшылығымен Серіктестіктің Жарғысымен, ішкі құжаттарымен анықталған құзыретінің шеңберінде Серіктестіктің қызметіне ағымдағы басшылықты жүргізеді.
- 10.2. Басқарма Басқарма Төрағасынан, оның орынбасарларынан және Басқарманың басқа мүшелерінен тұрады. Кем дегенде төрт адамнан және ең көп дегенде жеті адамнан тұратын Басқарма мүшелері Жалпы жиналыспен бес жылға сайланады. Бір тұлға Басқарма құрамына шектелмеген түрде бірнеше рет сайлана алады.
- 10.3. Басқарма мүшелігіне үміткер кандидаттарға қойылатын талаптар келесілерді қамтиды, бірақ бұлармен шектелмейді:
- 1) Басқарманың құзыретіне жататын шешімдерді қабылдау үшін қажетті білімнің, біліктіліктің, дағдылардың, жұмыс тәжірибесінің болуы;
  - 2) Міндеттерін тиімді әрі тиісті түрде атқару үшін жеткілікті уақытының болуы;
  - 3) Мінсіз іскерлік беделінің болуы;
  - 4) Серіктестік бизнесінің ерекшелігі мен қызмет саласын білуі.
- 10.4. Басқарма мүшелері Қадағалаушы кеңес ұсынатын кандидаттардың арасынан Жалпы жиналыспен тағайындалады. Серіктестіктің жалпы жиналысы қызметке бекіткен күн Басқарма мүшесінің өкілеттіктер мерзімі басталған күн болып есептеледі. Басқарма мүшесінің (-лерінің) өкілеттіктері белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін, сондай-ақ Серіктестіктің алқалы атқарушы органы мүшесінің (-лерінің) өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылданған күннен бастап тоқтайды.
- 10.5. Жалпы жиналыс Серіктестіктің атынан қол қоюға өкілеттік берген тұлға Басқарма төрағасымен еңбек шартын жасайды.
- 10.6. Жалпы жиналыс Басқарма мүшесінің (-лерінің) өкілеттіктерін келесі негіздер бойынша мерзімінен бұрын тоқтата алады:
- 1) Серіктестіктің Басқарма мүшесінің өз өкілеттіктерін атқара алмайтындығын растайтын құжаттарды алуы;

- 2) Басқарма мүшесінің өз өкілеттіктерін ерікті түрде тоқтату туралы жазбаша хабарламасын алу;
  - 3) Серіктестік Жарғысының талаптарын, Қадағалаушы кеңестің немесе Жалпы жиналыстың шешімдерін орындамау;
  - 4) Басқарма мүшесінің Серіктестікке шығын келтіру фактісін растайтын сот шешімінің заңды күшке енуі;
  - 5) Заңнамамен, осы Жарғымен, еңбек шартымен немесе Серіктестіктің басқа ішкі құжаттармен қарастырылған басқа жағдайларда, сондай-ақ Басқарма мүшесі болып бұдан былай қызмет атқара алмайтын жағдайда.
- 10.7. Басқарманың барлық немесе жекелеген мүшелеріне қатысты қатысушылардың жалпы жиналысының шешімі бойынша Басқарма мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға болады.
  - 10.8. Басқарма мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтаған жағдайда Басқарманың қалған мүшелерінің өкілеттіктері күшін тоқтатпайды.
  - 10.9. Бұрынғының орнына жаңа мүшені (-лерді) бекіту Басқарманың алдыңғы мүшесінің (лерінің) өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтаған күннен бастап бір айдың ішінде жүргізілуі керек.
  - 10.10. Басқарма мүшесінің (лерінің) өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтап, Басқарманың жаңа мүшесін (-лерін) бекіткенге дейінгі кезеңде Басқарма өз құзыретінің шегінде толық емес құрамда шешімдер қабылдауға құқылы.
  - 10.11. Осы мәселе көтерілген Жалпы жиналыста Басқарманың барлық мүшелерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтаған жағдайда Жалпы жиналыс Басқарманың жаңа құрамын құру туралы шешім қабылдағанға дейін өз міндеттерін атқаратын Басқарманың уақытша құрамы бекітілуге тиіс.
  - 10.12. Басқарма мүшесі Басқарма Төрағасына тиісті жазбаша мәлімдеме жіберіп, кейіннен осы мәселені Жалпы жиналысқа ұсынып, өз өкілеттіктерінен мерзімінен бұрын бас тартуға құқылы.
  - 10.13. Серіктестік Басқармасының құзыретіне Жалпы жиналыс пен Қадағалаушы кеңестің құзыретіне жатпайтын, Серіктестік қызметін қамтамасыз етудің барлық мәселелері жатады, соның ішінде:
    - 1) Серіктестіктің ағымдағы қызметіне басшылық жасау;
    - 2) Серіктестіктің даму стратегиясы мен саясатының жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;
    - 3) Серіктестіктің қызметі мен дамуының артықшылықты бағыттарын әзірлеу, кейіннен бекіту үшін Қадағалаушы кеңеске ұсыну;
    - 4) Даму жоспарларын және Серіктестіктің қаржы қызметінің басқа да бағдарламаларын әзірлеу;
    - 5) Серіктестіктің қаржылық есептілігін әзірлеу және Қадағалаушы кеңеске, кейіннен Жалпы жиналыстың бекітуі үшін ұсыну;
    - 6) әдістемелерді, рәсімдерді, нұсқамалықтарды, нұсқаулықтарды, лауазымдық нұсқамалықтарды (оларға енгізілген өзгертулерді және/немесе толықтыруларды) және Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін басқа құжаттарды бекіту, бұған бекітілуі Серіктестіктің өзге органдарының құзыретіне жататын құжаттар жатпайды;
    - 7) Серіктестіктің бизнес-жоспарларын және қаржы қызметінің басқа бағдарламаларын әзірлеу;

- 8) Ағымдағы қаржы жылына іс-шаралар жоспарын бекіту, іс-шаралар жоспарын орындау туралы Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелерінің есептерін тыңдау;
  - 9) Серіктестіктің бір немесе байланысты мәмілелер сериясындағы, олардың Серіктестіктің жылдық бизнес жоспарына қосылуына тәуелсіз, активтерінің таза құнының 10%-дан аспайтын сомаға Қазақстан Республикасының резидент және резидент емес тұлғаларынан қарыз тарту, уақытша еркін активтерді мемлекеттік бағалы қағаздарға, корпоративті бағалы қағаздарға, екінші деңгейлі банктердің депозиттеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа әдістермен орналастыру бойынша мәселелерді бекіту;
  - 10) Сомасы жағынан шектемей Қазақстан Республикасының резидент және резидент емес тұлғаларынан гранттар тарту бойынша мәселелерді бекіту;
  - 11) Серіктестіктің филиалдары мен өкілеттіктерін ашу және жабу туралы шешімдер қабылдау және олардың ережелерін бекіту (оларға енгізілетін өзгертулер және/немесе толықтырулар), сондай-ақ олардың қызметін басқаруды ұйымдастыру;
  - 12) серіктестіктің қызметтері мен құрылымдық бөлімшелерінің қызмет нәтижелерін талдау және жалпылау, Қадағалаушы кеңес жұмысын жетілдіру жөніндегі нұсқаулар беру;
  - 13) қосымша қызмет түрлерін атқаруға, құрылымдық бөлімшелерді ашу және жабу қажеттілігіне, инвестициялар тартуға, донорлық қолдау алуға қатысты және Серіктестік қызметінің басқа мәселелері бойынша Жалпы жиналыс және/немесе Қадағалаушы кеңес үшін нұсқаулар, есептер әзірлеу;
  - 14) Жалпы жиналыстың қарауына ұсынылатын мәселелер бойынша материалдар мен ұсыныстар әзірлеу;
  - 15) Серіктестік Басқармасының отырысына шығарылған мәселелер бойынша шешім қабылдау;
  - 16) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Серіктестіктің ішкі құжаттарымен қарастырылған тәртіпте Қатысушылардың кезекті және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
  - 17) Серіктестіктің мүддесінде Серіктестік мүлкіне, соның ішінде ақша қаражатына өкімдік ету, соның ішінде кепілге қою, Серіктестіктің таза активтерінің 25%-нан (жиырма бес пайызынан) аспайтын сомаға мәмілелер жасау;
  - 18) Серіктестіктің Жалпы жиналысымен және Қадағалаушы кеңесімен Басқармаға берілетін басқа өкілеттіктер.
- 10.14. Шешімдер Басқарма отырысына қатысып отырғандардың жай көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар теңдей болған жағдайда Басқарма Төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Басқарма отырысын өткізу үшін кворум Басқарма мүшелерінің санының кем дегенде жартысының құрамында деп анықталады.
- 10.15. Басқарма Төрағасына келесі өкілеттіктер беріледі:
- 1) Серіктестіктің Басқарма отырысын шақырады және жүргізеді;
  - 2) Серіктестік Басқармасының қызметін қамтамасыз етеді және отырыстарына басшылық жасайды;
  - 3) Серіктестік Басқармасының мүшелері арасында міндеттерді бөледі және қызметіне басшылық жасайды;



- 4) Ұйымдармен, соның ішінде мемлекеттік органдарда, соттарда, сондай-ақ үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Серіктестіктің қызмет мәселелері бойынша осы Жарғымен және Серіктестіктің ішкі құжаттарымен анықталған өкілеттіктері шегінде Серіктестікті сенімхатсыз танытады;
  - 5) Серіктестікті танытуға құқық беретін, соның ішінде қайта сеніп тапсыру құқығын беретін сенімхаттар береді;
  - 6) осы Жарғымен және Серіктестіктің ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте Серіктестіктің атынан түрлі мәмілелер, шарттар жасайды;
  - 7) Серіктестіктің мүддесінде оның мүлкіне, соның ішінде Серіктестіктің бір немесе байланысты мәмілелер сериясындағы, олардың Серіктестіктің жылдық бизнес жоспарына қосылуына тәуелсіз, активтерінің таза құнының 2%-дан аспайтын сомадағы ақша қаражатына өкімдік жүргізеді;
  - 8) Серіктестіктің атынан жұмыскерлермен, Басқарма мүшелерімен, бас бухгалтермен, сондай-ақ Серіктестік филиалдарының, өкілдіктерінің директорларымен еңбек шарттарын жасайды, қызметке тағайындау, ауыстыру және шығару туралы бұйрықтар шығарады, жалақы төлеу жүйесін анықтайды, лауазымдық жалақылардың, жеке үстеме ақылардың мөлшерлерін белгілейді, сыйақы төлеу мәселелерін шешеді, ынталандыру және тәртіптік жазалау шараларын қолданады;
  - 9) Қадағалаушы кеңес шешімінің негізінде Ішкі аудит басқармасы қызметкерлерімен және Корпоративтік хатшымен еңбек шарттарын жасайды; *(10) тармақшаға Серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысының 2018 жылғы 26 қарашадағы хаттамасына сәйкес өзгертулер енгізілді.*
  - 10) Серіктестік қызметкерлері орындауға міндетті бұйрықтар мен өкімдер береді;
  - 11) Серіктестіктің банктік шоттарын ашады және жабады,
  - 12) Серіктестіктің қызметі туралы халыққа ақпарат береді;
  - 13) Серіктестіктің ағымдағы қызметін қамтамасыз ету үшін басқа функцияларды атқарады.
- 10.16. Басқарма төрағасы мен Серіктестіктің бас бухгалтері қызметіне бір некеде тұрған, жақын туыс немесе жекжаттық туыс болып табылатын тұлғалар тағайындала алмайды. Бір ғана тұлға екі қызметті қатар атқара алмайды.
- 10.17. Басқарма қызметінің тәртібі осы Жарғымен және Серіктестіктің ішкі құжаттарымен реттеледі.

## 11-бап. ІШКІ АУДИТ БАСҚАРМАСЫ

- 11.1. **Серіктестіктің** қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жасау үшін, оның ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару жүйелерін бағалау арқылы Ішкі аудит басқармасы құрылады.
- 11.2. Ішкі аудит басқармасы Серіктестіктің Қадағалаушы кеңесіне есеп береді және оның тапсырмаларын орындайды.
- 11.3. Ішкі аудит басқармасының жұмыс тәртібі осы Жарғымен және Серіктестіктің ішкі құжаттарымен реттеледі. *(11 бапқа Серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысының 2018 жылғы 26 қарашадағы хаттамасына сәйкес өзгертулер енгізілді.).*

## **12-бап. КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ**

- 12.1. Корпоративтік хатшы – Қадағалаушы кеңестің немесе Серіктестіктің атқарушы органының мүшесі болып табылмайтын, Серіктестіктің Қадағалаушы кеңесі тағайындайтын, оған есеп беретін, сондай-ақ қызмет шеңберінде Қатысушылардың жалпы жиналысының, Қадағалаушы кеңесінің, Серіктестік Басқармасы отырыстарының әзірленуі мен өткізілуін бақылайтын, осы органдардың күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдардың құрастырылуын қамтамасыз ететін, осы материалдарды қарау мүмкіндігімен қамтамасыз ету үшін бақылау жасайтын Серіктестіктің жұмыскері.
- 12.2. Корпоративтік хатшының жұмыс тәртібі осы Жарғымен және Серіктестіктің ішкі құжаттарымен реттеледі.

## **13-бап. ЕСЕПКЕ АЛУ, ЕСЕПТІЛІК ЖӘНЕ СЫРТҚЫ АУДИТ**

- 13.1. Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті құрастыру Серіктестікпен Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес жүзеге асырылады.
- 13.2. Серіктестік Жалпы жиналыстың шешімі бойынша Серіктестіктің бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін құрастыру дұрыстығын растау, сондай-ақ істерінің ағымдағы жағдайын тексеру үшін халықаралық мойындалған аудиторлық фирмалар қатарынан аудиторлық ұйымды тартуы тиіс.
- 13.3. Кез келген Қатысушы Серіктестіктің қаржылық есептілігі аудитінің өз аудиторларының қатысуымен және өз есебінен жүргізуді талап етуге құқығы бар. Серіктестік қатысушылардың аудиторларына Серіктестікте аудиторлық қызметті жүргізу мүмкіндігін беруі тиіс және осындай аудиторлармен сұратылатын кез келген құжаттар мен ақпаратты ұсынуға міндеттеледі.

## **14-бап. СЕРІКТЕСТІКТІҢ КІРІСІН БӨЛУ ТӘРТІБІ**

- 14.1. Серіктестік бір жылғы қызмет нәтижелері бойынша алған таза кірісін сәйкесінше жыл үшін Серіктестіктің қызмет нәтижелерін бекітуге арналған кезекті Жалпы жиналыстың шешіміне сәйкес Серіктестік қатысушыларының арасында бөледі. Жалпы жиналыс Серіктестік қатысушыларының арасында таза кірісті немесе оның бір бөлігін бөлмеу туралы шешім қабылдауға құқылы.
- 14.2. Жалпы жиналыс кірісті қатысушылардың арасында бөлу туралы шешім қабылдаған жағдайда әрбір қатысушы Серіктестіктің жарғылық капиталындағы үлесіне сәйкес бөлінетін кірістің бір бөлігін алуға құқылы. Жалпы жиналыс таза кірісті бөлу туралы шешім қабылдаған күннен бастап бір айдың ішінде Серіктестік ақшалай төлемді жүргізуге тиіс.
- 14.3. Серіктестік Серіктестіктің бүкіл жарғылық капиталы толық төленгенге дейін қатысушылардың арасында кірісті бөлуге құқықсыз.

- 14.4. Серіктестікте резервтік қор құрылуы мүмкін. Серіктестіктің кірістері Жалпы жиналыстың шешімі бойынша толығымен немесе бір бөлігі резервтік қорға бөлінуі мүмкін.
- 14.5. Серіктестіктің шығындары Серіктестіктегі бар қаражаттың, соның ішінде резервтік қордың есебінен, ал жетпеген жағдайда мүлікті сату есебінен жабылады.
- 14.6. Жалпы жиналыс Серіктестіктің жарғылық капиталына қосымша пропорциялы салымдары ретінде Қатысушыға бөлінетін таза табысты (дивидендтерді) капиталға айналдыру туралы шешімді жүйелі түрде қабылдауы мүмкін.
- 14.7. Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын кез келген қатысушы Серіктестікке осындай қатысушысының сәйкесінше елдің резиденттігін растайтын құжатты жыл сайын ұсынуға міндетті. Бұл ретте, осындай құжаттағы қатысушы резиденттігін куәландырған орган қолы мен мөрі, сондай-ақ резиденттілікті куәландыратын құжаттың нотариуспен куәландырылған көшірмесін ұсынған жағдайда, шетелдік нотариустың қолы мен мөрі дипломаттық немесе консулдық заңдастырылуға жатады немесе оларға апостильдер (қолданылатын жағдайда) қойылуы тиіс.

#### 15-бап. СЕРІКТЕСТІКТІ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ, ТАРАТУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ

